

11 "Б"



"5" и "4"



школа № 5



Павлодар



Выпускники школы № 5 г. Павлодара
делятся с "Твоим миром"
прекрасными моментами!



сенің әлемің

№№5-6

(264-265)

от 9 апреля
2018 года

А в нашей школе...

О том, что было интересного в школе-гимназии № 9 г. Павлодара

КВН

Вот и состоялось внеклассное мероприятие - КВН! Его с нетерпением ждали кавээнщики школы! Команды отправились на поиски правильных ответов, разгадывали кроссворды, сочиняли эссе, представляли визитку команды и домашнее задание. А болельщикам были предложены задания развивающего характера.

По итогам конкурса команды награждены грамотами и призами.

Н. Тлеугабылова,
учитель русского языка
и литературы

Игра, которая объединяет!

В школе руковожу секцией «Волейбол». Эта игра не имеет возрастных ограничений. Все желающие могут приходиться на занятия, находя в себе всё новые способности. Волейбол – командная спортивная игра, где каждый должен отработать на своём месте индивидуально и на коллектив. Таким образом, развивается чувство локтя, взаимовыручка, выносливость, реакция, а самое главное – объединя-

ет игроков.

Ученицы 5-9 классов неоднократно становились призёрами и победителями волейбольных соревнований.

Думаю, после этих строк вы захотите узнать о волейболе ещё больше, а может, начнёте в него играть!

Е. Чистякова,
учитель физической культуры

Не игра, а искусство

Сейчас у всех школьников есть возможность посещать кружок «Шахматы». И это правильно, ведь умение играть в шахматы развивает человека, его логическое мышление, интеллект.

Ученики с удовольствием посещают кружок, принимают участие в городских соревнованиях, а также в товарищеской встрече с воспитанниками Академии шахмат «Белая ладья». Все ребята были награждены именными дипломами.

Я. Хоментовская,
тренер по шахматам

«Қош келдің, Әз Наурыз!»

Наурыз - главный праздник страны великой степи, вечного народа Мәңгілік ел. Это поистине всенародный праздник нового года, праздник весны и обновления, весеннего равноденствия.

Не случайно Наурыз испокон веков называли Ұлыстың ұлы күні - Великий день народа. Это праздник, посвящённый весне, единству людей, миру, гармонии и добру на земле. Начало нового года приходится на 21 марта. Это день весеннего равноденствия. Традиционно в этот день устраивают различные конкурсы, соревнования, народные гуляния и национальные игры.

19 марта в школе

№ 28 состоялся концерт, посвящённый великому празднику Наурыз. Дети и учителя приняли активное участие в этом концерте. Были исполнены танцы, спеты песни, проведены национальные игры: «Тақия тастамақ», «Ұшты-ұшты». И, конечно же, праздник не обошёлся без традиционного шашу.

Свой вклад в подготовке сценария внесли: Анушкина О.В., Штенгауэр С.П., Бухмиллер Ю.Г.,

Камаржанова У.Е.,
Жагыпаров Б.К., Чеб-
лакова В.И.

Украсили актовый зал и создали атмосферу праздника ученики 10 «А» класса, классный руководитель Ефименко О.В. Хотим сказать спасибо всем учителям, которые вместе с детьми подготовили интересные и весёлые номера.

Поздравляем всех с праздником Наурыз мейрамы!

Ю. Бухмиллер,
учитель начальных
классов
школы № 28 г. Павлодара



Вольная борьба как стиль жизни

История вольной борьбы измеряется десятилетиями. Данное название выбрали не случайно, так как в этом виде борьбы, в отличие от «классики», меньше ограничений.

В распоряжении борца имеется максимальный набор действий для достижения победы. Этот вид спорта возник в Англии, затем его популярность возросла на американском континенте, а сегодня, вольная борьба – это стиль жизни многих юношей и девушек.

Ученики Береговой средней школы вольной борьбой занимаются не первый год. В копилке «вольников» грамоты, кубки, медали республиканского, областного, районного уровней. И

хотя, как и в любом виде спорта, возможны ушибы и синяки, это несколько не пугает наших спортсменов. В республиканском турнире по вольной борьбе среди юношей, посвящённом памяти Насенковых Валерия Григорьевича и Дениса Валерьевича, ученик 8 класса Береговой школы Герлиц Рудольф занял 1 место в весовой категории 68 кг. К победе юношу привёл тренер Марушкевич Павел Станиславович, а также упорные тренировки и целеустремлённость.

М. Жантиминова,
зам. директора по ВР
Береговой школы
Качирского района

Мой край родной!

22 февраля в Мичуринской школе состоялся районный кустовой фестиваль, в котором приняли участие ученики Черноярских школ № 1 и № 2, Черноярской, Пресновской, Достыкской, Сычёвской и Мичуринской школ.

Участники фестиваля театрализованно представили своё село. Судьями конкурса стали актёр молодёжного театра Астаны и драматического театра им. Ж. Аймауытова Т. Махамбет, режиссёр, деятель культуры РК Г. Бахтиярова, певец Т. Тукаев, специалист отдела образования Павлодарского района С. Матаева.

Одни декорации сменялись другими. Были на сцене и телеги, и рыболовные снасти, и овощи, и лодки, и множество других декораций. Каждое выступление было ярким, красочным, запоминающимся. Ученики Черноярской школы показали, как образовалось их село, откуда получило название и как оно стало одним из процветающих сёл района, которое знаменито выращиванием овощей. Участники из Сычёвки продемонстрировали

выразили свою любовь к родному месту через пронзительную поэзию.

Жюри конкурса после долгого совещания выбрало три призовых места. Третье место заняли ученики Пресновской школы, заслуженное второе место присудили участникам из Черноярки, а первое место досталось ученикам Мичуринской школы. Особо жюри отметило артистический талант Кымбыт Айгозиловой и Максима Михайлова. Призёры получили грамоты и подарки. Все участники получили благодарственные письма за участие.

Праздник закончился музыкальными номерами в исполнении жюри конкурса, совместными фотографиями. Гости посетили школьный музей, выращиванием овощей. Гости попили чай в школьной столовой. В этот день каждый ушёл со знанием частички истории своего любимого Павлодарского района.

Анна НИЯЗОВА,
зам. директора по ВР,
Мичуринская школа,
Павлодарский район

В одной павлодарской школе разводят калифорнийских красных червей



№№5-6

(264-265)

от 9 апреля
2018 года

Юрта - изобретение древних цивилизаций

Мы должны знать изобретения наших предков.

Марк Туллий Цицерон
Создал её народ, Творец,
Как лучший в мире кров.
Николай Сулов



Изобретения! Изобретения?
Изобретения...

Что дают они нашему обществу? Вильгельм Виндельбанд утверждал, что «нужда развивает изобретательность», и это, я считаю, верно. Чем или кем стал бы человек, не стремись он постоянно к усовершенствованию своей жизни. Конечно, можно и призадуматься над новшествами: например, незаменимый предмет нашей жизни – мобильный телефон – не только поставил человека на высокую ступень, но в то же время расставил новые приоритеты (и не в нашу пользу). Почему? Объясняю. Стали меньше общаться друг с другом, перестали слушаться родителей, не читаем КНИГУ, совсем мало занимаемся спортом...

Так ли это, и есть ли в мире то, что пришло к нам из прошлого, прочно вошло в нашу жизнь и живо до сих пор? Скажу с уверенностью: есть! Это жилище под названием «юрта». Оно, по словам Ф. фон Шварца, «одно из самых практических изобретений, которое когда-либо сделал человек». Кто в наши дни может поспорить с ним? Наверное, тот, кто никогда не видел юрту и не жил в ней! Тогда нужно заглянуть

хотя бы в краеведческий музей им. Потанина г. Павлодара.

Русский археолог и этнограф Б.А. Куфтин со знанием дела замечал, что юрта «...является высшим типом, до которого достигло развитие переносного жилища вообще». Как удобно было кочевому народу переселяться на новое место и знать, что есть где укрыться от зноя, мороза или непогоды. А юрта хорошо сохраняет тепло, защищает от ветра, от сырости.

Следует отметить, что бесспорность этих фактов не вызывает сомнений, ведь юрта занимала особое место в жизни степняков и требовала соблюдения строгих правил поведения в ней, как, например, не разрешалось входить в юрту с оружием (нужно всё оставлять за её пределами); нельзя было сидеть, вытянув ноги (это считалось некультурным); и обязательно гость должен был отведать угощения в юрте... Разве не воспитывались тем самым в каждом человеке, начиная с детства, правила общежития: порядок, уважение к традициям, гостеприимство?! Юрта — это мир, где живёт семья, это мир повседневности, где рождается кочевник, растёт,

создаёт семью, передаёт человеческие ценности, уходит в мир иной...

Задумывался ли кто-нибудь из нас над тем, почему юрта имеет круглую форму? Зовём на помощь физиков. Они утверждают, что круглая форма устойчива к ветрам и ураганам. Важно это было в степи? Ещё бы! А разве неважно быть человеку устойчивым к бедам и несчастьям, жизненным соблазнам?

Казахи, когда совершают бата – пожелания стариков – говорят «шаңырағың шайқалмасын» - пусть купол твоей юрты будет крепким, непоколебимым. Это означает: пусть царит в семье мир, дружба и братство.

Не случайно шаңырақ изображён на гербе современного Казахстана. Ведь как важно в наш век природных катаклизмов, войн, кровопролития, насилия и жестокости сохранить именно

это изобретение: объединяющее, согревающее, оберегающее, дающее надежду и уверенность в завтрашнем дне. Это та самая теплота, которая так необходима всем нам сейчас.

А теперь представьте: весна, алые маки в степи и ... юрты. Безоблачное небо над нами – это купол юрты. Хороводы многонациональной страны – это юрта. Улыбки родных и близких, да и просто незнакомых людей – это юрта... Праздники урожая, рождение ребёнка, свадьбы, Наурыз – это тоже юрта... Вот вам и древнее изобретение! Попробуйте поспорить!

Зарина САТБАЕВА,
ученица 9 «А» класса
школы № 13 г. Павлодара

Да здравствует мыло душистое

Как говорится в казахской мудрой пословице, бірінші байлығы - денсаулық (первое богатство – здоровье). Мыло ручной работы – это, в первую очередь, экологически чистый продукт, который не вредит здоровью. Это не прихоть, а простор для творчества, хороший подарок родным и близким людям и, в некотором роде, эксклюзив.

В результате работы над научным проектом «Натуральное мыло ручной работы» можно считать, что поставленные задачи я выполнил. Я определил значение мыла, изучил, как со временем изменялся его состав, провёл эксперимент по изготовлению мыла в домашних условиях. В современном мире на прилавках магазина представлено множество самого разнообразного мыла. В их состав входят самые разные компоненты. Мы можем выбрать нужный аромат, состав, форму. Но всё же, мыло, сделанное своими руками, приятнее получить в подарок. Оно содержит в себе тепло рук, доброту и любовь к близким.

В ходе работы над научным проектом «Натуральное мыло ручной работы» мною был сделан вывод о том, что приготовление мыла в домашних условиях – процесс трудоёмкий, длительный, а иногда и дорогостоящий.

Изучив технологию производства мыла, я подобрал наиболее простые методы получения мыл, получили мыла: молочное, кофейное (мыло-скраб), овсяное, которые изготовили из натураль-

ного сырья. В эти мыла были введены натуральные ингредиенты, которые благоприятно воздействуют на кожу, а также придают мылу разнообразный и приятный запах. Готовое мыло превзошло все мои ожидания! Получилась ТАКАЯ КРАСОТА!!! В тысячу раз лучше, чем в магазине!!! Я подарил его маме и родным. И теперь я нашёл отличный способ дарить хорошие вещицы, которые нравятся всем моим родным, друзьям. А также я нашёл для себя новое увлечение в сфере технологии и творчества. В ходе разработки моего проекта я научился формулировать и решать творческие задачи, проводить исследования, закрепил знания техники безопасности.

Разумеется, кому-то проще купить мыло в магазине и не возиться с его приготовлением.

Иногда купить даже дешевле, поскольку для изготовления самодельного придется потратить некоторую сумму на эфирные масла. Зато можно гордиться результатом своих трудов и быть уверенным, что такого мыла точно ни у кого больше нет. Да и удовольствие от процесса создания



чего-то своими руками вам точно нигде и ни за какие деньги не продадут. И самое главное – своё НАТУРАЛЬНОЕ!

Хочу поблагодарить за активное участие в подготовке моего научного проекта преподавателя химии школы № 27 города

Павлодара Камбалину Светлану Владимировну!

Артём ПОЛИН,
ученик 6 «А» класса
школы № 27 г. Павлодара

ТЕМА

Московский авиационный институт интересуется юными павлодарскими учёными



№№5-6
(264-265)

от 9 апреля
2018 года

Құрметті оқырман! Бүгін біздің «Сыр-сұхбат» айдарының қонақтары Павлодар қаласының Бауыржан Момышұлы атындағы № 22-ші мектебінің 1-ші сынып оқушысы Жасұлан Нұрәли және оның анасы Гүлсім. Бар жоғы 7 жасар кішкентай Нұрәли 1,5 жыл ішінде хоккеймен айналысып, көптеген жүлделі орындарға ие болған.



Тілші: Сәлем! Алдымен өзіңді таныстырып өтсең?!

Нұрәли: Менің аты-жөнім - Жасұлан Нұрәли Бауржанұлы. Павлодар қаласының № 22-ші жалпы білім беру мектебінің 1 «е» сыныбында оқимын. Жасым 7-де. Хоккеймен айналысқаным 1,5 жыл болды.

Маған оның хоккей алаңындағы жылдамдығы, әлемге танымалдылығы ұнайды. Менің ойын алаңындағы номерім Павел Буреникіндей 10-шы номер.

Тілші: Гүлсім ханым (анасы), жалпы айтып жатады ғой шахмат баланың математикаға қабілетін ашып, есепті жақсы шығаруына көмектеседі деп. Хоккейдің берер пайдасы бар ма?

Анасы: Әрине. Ең алдымен, бұл ойын жақсы ойлау мен есепке үйретеді. Жалпы, логикаға сүйенеді. Себебі, шайбаны ұрып жібергенде оның ұшу траекториясын анықтап, келесі соғылар жерін алдын-ала біліп тұру керек. Оның барлығы логикаға негізделді. Сонымен қатар, бұл ойын шапшаңдыққа, жылдамдыққа үйретеді, физикалық қабілеттерінің ашылуына үлкен әсер етеді.

Тілші: Нұрәли, бізге хоккей ойынының ережелерін айтып берші.

Нұрәли: Қарсыласыңды әдейілеп құлатуға болмайды; шайбаны аяқпен теуіп, кіргізуге тыйым салынады, тек сырғытпа таяқпен ұру керек; шайбаны қолға алуға болмайды. Бұлар - хоккейдің ең басты ережелері.

Тілші: Ал сенің арманың қандай?

Нұрәли: Менің ең басты арманым - танымал хоккейші атану. Алдымен мен «Ертіс» командасында ойнаймын. Кейін «Барыста» боламын. Сосын Ресей құрамасында, келесі кезекте Питтсбургте, сосын Канадада, ең соңғы ретте «Washington Capitals» - тың құрамында ойнағым келеді.

Тілші: Өзіңнің командаң жайлы айтып берші.

Нұрәли: Бізде командада 15 бала. Топтағы орындарымызды бапкер жиі ауыстырып отырады. Бірде команда көшбасшысы, бірде ойыншы да боламын. Тренердің аты-жөні Бисеков Вячеслав Ива-

нович. Маған оның тәлімгерлігі ұнайды.

Тілші: Гүлсім ханым, балаңызды дүниеге әкелер кезде немесе ол енді-енді өсіп келе жатқанда хоккейші болады деп ойладыңыз ба?

Анасы: Балаңа ойыншық алып беріп жатқанда ойланбайсың ғой. Нұрәлиге кішкентай кезінде үстел хоккейін алып бергенім есімде. Нұрәли ол кезде оны қалай ойнау керек екенін де білмейтін. Кейін 4 жасында оған коньки алып бердік. Меніңше, оның өзінде осы ойынға икемі болды-ау деймін. Мұзда қозғалған оңай емес қой. Ал Нұрәли 4 жасында коньки киіп алып, өзі сырғанап кетті. Кейін, үлкен балалардан көріп сырғытпа таяқ алып беруімізді сұрады. Ал жазда роликпен еркін жүре алды. Сол кезден бастап біз оның осындай спорт түріне жақын екенін көзіміз жетті.

Тілші: Отбасыларыңызда хоккейшілер бар ма?

Анасы: Жоқ, отбасымызда бұл спорт түрімен айналысатын жандар жоқ. Дегенмен, әкесі спортқа жақын адам.

Тілші: Нұрәли алғаш жеңіс белесін бағындырып, жетістікке жеткен кезде қандай сезімде болдыңыз?

Анасы: Әрине, менің қуанышыма шек болмады. Командасымен әр кез ойын алаңына шыққан сайын барлық балалардың ата-аналарымен бірге уайымдап, үлкен қобалжу үстінде бо-

ламыз. «Баласы атқа мінсе, анасы үйде отырып тақымын қысады», - дейді ғой. Әрбір ойын басталар алдында ойнауға өзім шығатындай болып, көптеген эмоцияларды басымнан кешіремін. Ал жеңіске жеткен кездеріндегі сезімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

Тілші: Нұрәли, хоккейден басқа тағы немен айналысқанды ұнатасың?

Нұрәли: Оқушылар сарайына «Жас екпін» домбыра үйірмесі және «Мастерок» үйірмесіне барамын. Бірақ, хоккеймен айналысқанды бәрінен артық жақсы көремін.

Тілші: Қандай фильмдерді қарағанды ұнатасың?

Нұрәли: Менің ең сүйіп көретін фильмдерім хоккейшілер жайлы. Соның ішіндегі «Король льда» және «Легенда № 17» атты фильмдерді ұнатамын.

Тілші: Осы жақын арада сенің алғашқы жазғы демалысың болады. Қандай жоспарларың бар?

Нұрәли: Хоккей үйірмеден бізге қосымша 10 күндік лагерь өткізіледі. Ол жерде аяқ-қолыңды жаттықтырып, мұздың үстінде жақсы қозғалу үшін әр түрлі жаттығулар жасалынады.

Тілші: Өзің сияқты балаларға қандай кеңес бересің?

Нұрәли: Меніңше, әрбір адам спортпен шұғылдануы керек. Спортпен шұғылданған адамның денсаулығы мықты, әрі көп ауырмайтын болады. Сонымен қоса, спортпен айналысып бастағаннан кейін оны орта жолдан тастап кетпей, аяғына дейін жеткізу керек. Спортпен айналыса жүріп, дұрыс тамақтану жағын да ұмытпау керек.

Тілші: Рахмет, Нұрәли. Гүлсім ханым алтын уақытыңызды бөліп, бізге сұхбат бергеніңіз үшін мың алғыс. Болашақта балаңыз тек биік белестерден көрініп, сіздің үмітіңізді ақтасың. Танымал хоккейші атанып, бақ жұлдызы жарқырап жана берсін.

Сұхбатты жүргізген:
«Қаламгер» баспасөз орталығының тілшілері,
сұхбатты баспаға дайындаған
Асель МУКАТОВА



СЫР-СҰХБАТ

Пятидневка сделала труднее учёбу школьников Прииртышья - эксперты



сенің әлемің

№№5-6

(264-265)

от 9 апреля
2018 года

Тәрбиелі ұрпақ - болашақ бастауы

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне зиян әкеледі», - деп ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби айтқан екен. Шынында да тәрбие дейтін адам қасиетінің жоғарғы белесі мен жеке тұлғаның тұрпаты-қай заманда болсын басты мәселе. Тәуелсіздігімізді алып, өркениеттілікке құлаш сермеген бүгінгі таңда адамгершілігі мол, сапалы да салауатты ұрпақ тәрбиелеуде халықтық тәрбиенің алатын орны ерекше. Қазір оқу орындарында ұлттық тәрбиеге айрықша мән берілуде. «Жастар-біздің болашағымыз» дейтін болсақ, сол жастарымызды ұлттың сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр. Тәрбие бесіктегі баладан, еңкейген қартқа дейін қажет. Өйткені, тәрбие болғанда ғана, адамдық қасиетің пайда болып, жан-жағыңа шуақ нұрын шашасың. Қазақтың батыр тұлғаларының бірі Бауыржан Момышұлы: «Тәртіпсіз

ел болмайды, тәртіпке бас иген ел құл болмайды» деп тәрбиенің маңызын ашып көрсеткен. Біздің аталарымыз да тәрбиенің негізгі мақсатын қатал қойып, өз өмірлерінде дұрыс қолданғаны рас. Бұлай дейтін себебіміз атадан қалған ұлағатты сөздердің түп-төркіні осындай тұжырымға еріксіз жетелейді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» жолдауында ұлтымыздың құндылықтарын сақтау, оны дәріптеу жас ұрпақтың қайталанбас тәрбие алғандығы екенін жеткізді. Дәл осындай игі қасиеттерді бойына сіңірген жалпы адами құндылықтарды меңгерген, қоғамының жоғарғы мұратты мақсаттарына сай келетін жеке тұлғаны қалыптастыру барша халықтың алдында тұрған міндет болып табылады.

Ж.М. Исина,
6 «Б» сынып жетекшісі
Ы. Алтынсарин ат. дарынды
балаларға арналған облыстық
қазақ гимназия-интернаты

Ұстазға алғыс

Біздің балаларымыздың алғашқы ұстазы, ең алғаш әліппені қолдарына ұстатқан Рымгүл Қанағатқызын Наурыз мерекесімен құттықтаймыз. Бұл адамның біз үшін орны ерекше. Балаларымыздың ұстазы еңбекқор, мейірімді, біздің балаларымызды тек қана дұрыс жолға салатын жұмысына жан тәнімен берілген аяулы ұстаз. Жас ұрпақтың бойына өмірдің қыр сырын терең түсіндіріп үйреттіңіз. Ұстаздың еңбегі орасан

зор екенін баршамыз мойндаймыз. Енді міне бірер айдан соң жас бүлдіршіндерді 1-ші сыныпқа қабылдап, біздің балаларды түлек қылып ұшырасыз. Шәкірттеріңізді білім нәрімен сусындатып, қиын да, қызығы мол ұстаздық еңбегіңізге сәттілік, ақ жол тілейміз!

№ 12 ЖОББМ 4 «Б»
сынып оқушыларының
ата-аналары

Ғаламшарымызды қалай сақтаймыз?

Біз білетіндей, адамзаттың жалғыз тұрағы жер беті. Сандаған ғасырлар бойы біз оны пайдаланып келеміз. Жер бізге өзінің суын, азығын, ауасын береді. Өмір сүруімізге қажетті дүниенің бәрімен қамтамасыз етеді. Ғаламшарымызда кездесетін әртүрлі жануарлар, өсем гүлдер, асқар таулар, бір сөзбен айтқанда, тамаша табиғат – бізді ұлы істерге шабыттандырады, жанымызға рахат сезімін және таусылмас қуат пен жігер сыйлайды. Ойланып көрейікші, бізге барын беріп тұрған ғаламшарымызға, біз соншалық құрмет көрсетеміз бе? Мен онымен келісе алмаймын. Себебі теледидарды, газет-журналдарды, ғаламторды қарап отырсаң, адамның кесірінен әлемде болып жатқан түрлі табиғи зардаптарды көресің.

Біріншіден, адамзат баласы бүкіл әлемді қоқыс жәшігіне айналдырайын деп жатқан сияқты. Өзендер де, көлдер де, жазық далалар да полиэтилен пакеттерден көз ашпайды. Біз лақтырылатын сол қоқыстардың екінші рет қайта өңделуін қамтамасыз ету керекпіз.

Екіншіден, зауыттар мен фабрикалардан шығатын түтін, қауіпсіздіктің сақталмауынан болып тұратын апаттар, соның кесірінен қоршаған ортаның ластануы – жердің өзіне ғана емес, флорасы мен фаунасына, адамзатқа үлкен зиян келтіреді. Ұйымдардың иелері қанша айыппұл төлесе де, өсем табиғат,

адамдардың денсаулығы орнына келуі екіталай. Бұндай жағдайларды болдырмау үшін қауіпсіздік ережесін сақтап, адамгершілік пен табиғатқа деген қамқорлықты естен шығармау керек.

Үшіншіден, автокөліктерден шығатын түтіннің де зардабы мол. Қазір біздің көшелер автомобильдерге толы. Бірақ біз бұл жағдайға тікелей әсер ете алмаймыз. Жаяу жүруге немесе велосипедпен жүруге, сонымен қатар қала әкімшілігі қамтамасыз етіп отырған қоғамдық көліктермен жүруге болады.

Бұданда басқа табиғат қатерлері көп. Соның ішінде мұздықтардың еруі, озон қабатының бұзылуы, мұнай өнімдерінің теңізге құйылып, теңіз тіршілік иелеріне зиян келтірілуі, т.б. бар.

Ғаламшар біз үшін – жалғыз. Өлі күнге дейін басқа тіршілік планетасын ғарышты зерттеген ғалымдар тапқан жоқ. Тіпті тапса да, алтын бесік – Жер ғаламшарын қорғау, табиғатын сақтау барлығымыздың міндетіміз, мойнымызға ата-бабаларымыздан жүктелген асыл борыш. Оны ұмытуға, салғырт қарауға болмайды. Сондықтан барлығымыз Жерді аялап, келешек ұрпақтарға аманат ретінде табыстауымыз керек.

Аңсағаным АДАМ,
«Қаламгер» орталығы,
М.Катаев атындағы
Оқушылар сарайы

«Сапалы білім, өнегелі тәрбие»

Бауыржан Момышұлы атындағы № 22 жалпы орта білім беру мектебінің бастауыш сынып апталығы «Сапалы білім, өнегелі тәрбие» тақырыбы аясында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, шығармашылық қабілетін жетілдіру, сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушылардың қызығушылығын ояту, жауапкершілікке, ұжымдылыққа тәрбиелеу, адамгершілік пен эстетикалық қатынасқа көңіл бөлу мақсаттарында жұмыстар атқарылды. «Жұлдызды сәт», «Алтын ұрпақ», «Мың бір жұмбақ», «Енші», «Аңшылық – ата кәсіп», «Жарқырай бер, Астана!», «Алтын сақа», «Рухани жаңғырудың жарқын жолы», «Білімді бала – ел ертеңі», «Аулақ бол жаман едеттен», «21-ғасыр көшбасшысы», «Туған жер – туған тарих», атты интеллектуалдық ойындар мен тәрбие сағаттары өткізілді.



Б. Момышұлы ат. № 22
ЖОББМ-нің
3 «Ж» сынып оқушысы
Жанат Ақсезім,
4 «А» сынып оқушысы
Танат Алихан

«Асық ату» жарысы өтті

10 ақпан күні мектебімізде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында асық ату ойынынан аймақтық жарыс болып өтті. Ойынның негізгі мақсаты – ұлттық асық ойынын жасөспірімдер арасында кеңінен насихаттау, спорттық шеберлікті, мергендікті және ептілік қабілетті қалыптастыру. Жарысқа Айнакөл ОМ, Қ.Қамзин атындағы ОМ, Сарышығанақ ОМ-нен төрт оқушыдан қатысты. Жарыс өте қызықты, тартысты өтті.

Жарыс қорытындысы бойынша I орынды Айнакөл орта мектебі, II орынды М. Қабылбеков атындағы орта мектеп, III орынды Сарышығанақ пен Қ.Қамзин орта мектептері иеленді.

М. Қабылбеков ат. орта мектеп
аға тәлімгері
Куляш САРМАНОВА



Өнеге отбасына басталады

Мичурин ЖОМ-де отбасылар онкүндігі аясында біздің сыныбымызда «Өнеге отбасына басталады» атты ашық сабағы өтті. «Алтын ұя» және «Берекелі отбасы» болып екі топқа бөлінді. «Шаттық шеңберге» тұрып бір-бірімізге жақсы тілектер айттық. Сабақ барысында өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Сандуғаш Ерланқызы көптеген қызықты тапсырмалар дайындап берді. Оның ішінде мақал-мәтелдерді жалғастырып жазу, жұмбақтарды шешу, жасырынған сөздерді ашу,

өз отбасы туралы эссе жазу. «Екі жұлдыз, бір тілек» парағына өз ойымызды бен ұсыныстарымызды білдіре алдық. «Бағдаршам» суретіне стикерлер іліп, сабақта не ұнағанын жаздық. Сабақты «Бала тілегі» әнімен аяқтадық. Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі С.Е. Нурпеисоваға алғысымызды білдіреміз.

Самира ИМАНЖАНОВА,
2 «А» сынып оқушысы
Мичурин орта мектебі





сенің әлемің

№№5-6

(264-265)

от 9 апреля
2018 года

«Рухани жаңғыру және білім – болашаққа нық қадам»

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жаңартылған білім беру мазмұнына ерекше көңіл бөлінген. Білім беру мазмұнын ізгілендіру, жаңа оқу пәндерінің енгізілуі, жаңа ұжымдық формалар мен оқыту технологиясын үздіксіз іздестіруді талап етуде. Сол себепті ұстаздар әр сабағын сапалы түрде ұйымдастырып, жаңаша әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білуі шарт.

Мектепте алған білімін өмірде қолдана алатындай етіп сабақ барысын құру, мұғалімдерден көпшығармашылық ізденісті талап етеді. Ол үшін әр ұстаз ең алдымен өз білімін жетілдіру және шәкірттерін тұлға ретінде тану керек. Әлемдік деңгейде білім берудің қазіргі талабы оқытудың нәтижеге бағдарлануы, оқушының жеке тұлғасына бағытталуы, ал оқыту әдістерін тұлғалық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Осыған орай жаңартылған білім беру мазмұны бойынша үйренген әдіс-тәсілдер, атап айтсақ, «Қар үйіндісі», «Ине мен жіп», «Веер әдісі» мен Эйзенхауэр матрицасы бойынша «Үшбұрыш бойын-

ша талдау», «Интервью әдісі», «Хикая картасы», шеңберге отырып талдау, «Бюллетень» және тағы көптеген әдістерді сабақта қолдану барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары арта түседі. Нәтижесінде оқушы дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасады. Өйткені, жалпы білім беретін мектептер алдағы уақытта ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу үшін аянбай еңбек етуі керек. Сондықтан үш тілді оқытуға да кезең-кезеңмен көшу жолдауда да айтылып өтті. Қазақ тілінің басымдылығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, бүгін-

де ағылшын тілі – жаңа технология, жаңа индустрия, жаңа экономика тілі. Ұстаз өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам болуы қажет. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Қазіргі оқушы дүниетаным қабілеті жоғары, дарынды, өнерпаз, іздемпаз, талапты, өз алдына мақсат қоя білу керек. Ал мұғалім тек бағыт беруші, нұсқаушы қызметінде болу керек.

Павлодар қаласы,
№ 16 лицей-мектебінің
қазақ тілі мұғалімі
Ақмарал ЫСҚАҚОВА

Ертіс ауданындағы көктем мерекесі

Көктем - тіршілік иелерінің жанданып, ағаштар бүршік жарып, күн мен түннің теңелетін мезгілі. Табиғат жаңданып, құстардың оралуы, көктемнің лебізі мен шырайлы күн шуағы баршамыздың бойымызға қуаныш ұялатып, шабыттандыратын уақыт. Балалардың осы кездегі көктемгі демалысы да ерекше өтуі тиіс!



Бұл тарапта Аудандық оқушылар үйі балалармен қарқынды жұмыс жасап, әр баланың уақытын тиімді өткізуін қадағалауда. «Күн шуағы», «Көктем лебізі» «Ою ойғаның ойы ұшқыр» атты шебер сыныбы өткізілді, сонымен қоса «Жаман қылықтардан аулақ бол!» атты халыққа жадынама тарату мақсатымен оқушылармен бірге акция жүргізілді. Әр баланың денсаулығын нығайту мақа-

тымен «Бірге біз күшпіз!» атты спорттық іс-шара, «Көктемде талай қызық бар» атты эстафеталық ойындар, «Весеннее шоу талантов», «Әнші болғым келеді», «Шахмат - ақыл-ой спорты», «Кім мерген?» асық ату жарысы сонымен қоса жастар арасында еркін күресті одан әрі дамыту және жетілдіру, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында алуан түрлі іс-шаралар өткізілді. Әр өткізілген

іс-шара балалардың көңілінен шығуда және әрқайсысы мадақтама қағазымен марапатталды! Балалардың шырайлы жүздерінен қызыққа толы көктемгі демалысы естерінде қалатынына сенімдіміз.

Ертіс ауданы
«Ертіс-Арайы»
баспасөз орталығы
Шакиева Г.С.



Районную дорожку на Баянаул сделали не из асфальта, а из бетона

Көңілді жайдарман

Наурыз айында Шәптікөл жалпы орта білім беру мектебінде 5-11 сынып арасында «Көңілді жайдарман» өткізілді. Жайдарман «Байдың балалары», «Ұнамаса қарама», «Жұрттың баласы» сынды командалар сәлемдесу, үй тапсырмасы, бес әзіл бойынша бақ сынасты. Біз осы жарыста кішісі болсақ та, намысты қолдан бермеуге тырыстық. Жәнібек Жантемір бұл жайдарманда жүргізуші болды. Еділ Айнара үнді биін, Дүйсенбай Илияс қамажай, Көкеш Нұрбақыт өзбек, өзім испан биін билеп, көріністер қойып, көрермен көзайымына айналдық. Маған және менің сыныптастарыма бұл жайдар-



ман қатты ұнады, себебі бұл жайдарман өте көңілді өтті. Көрермендердің де көңілінен шықтық деген ойдамын. Соңында жайдарманға қатысқан үш командаға алғыс хаттар берілді. Әрдайым бізге бағыт – бағдар беріп, жанымыздан табылатын Эльмира Жұмашевнаға алғысымыз шексіз.

Баянауыл ауданы,
Шәптікөл ЖОББМ,
5-сынып оқушысы
Арсен ҚАЙЫРЖАНОВ

Қазақ тілі апталығы

Шақат жалпы білім беру мектебінде қазақ тілі мен әдебиет апталығы өтті. Іс-шараның ашылу рәсімінде Ы.Алтынсариннің «Бақша ағаштары» әңгімесі сахна тәрізінде сомдалды. Апта бойы «Павлодар ауданына – 90 жыл», «Павлодар облысына - 80 жылдығына» орай мектеп оқушылары арасында шығармалар байқауы ұйымдастырылды.

Мектепте апта бойы оқушыларды қызықтыратын теледидардан тіл туралы бейнероликтер, қазақ тілінде ертегілер, мультфильмдер, қазақша бейне баяндар мен әндер көрсетіліп, қазақ тілі және әдебиет сабақтарынан үзінділер көрсетілді. Үзіліс уақыттарында оқушылармен «Асық ату», «Орамал тастау», «Ханталапай» ұлттық ойындары өткізілді. Барлық қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімдері қазіргі заман талабына сай әдіс тәсілдерді қолдана ашық сабақтар мен іс-шаралар ұйымдастырды.

Апталықтың салтанатты жабылу рәсімінде барлық шараларға белсенді қатысқан сыныптар бағалы сыйлықтар мен тәтті тосынсыйларға ие болды.

Шақат ЖОББМ,
қазақ тілі мен әдебиет
ӘБ жетекшісі:
С. Айтмуханбетова



Ұстаздың ұстазы

Мен, Кокешева Даметкен Қоқышқызы, ағарту жолында 42 жыл қызмет еткен, «аға мұғалім», «оқу ісінің үздігі», қазіргі уақытта зейнеткермін.

Павлодар қаласының № 37 мектептің 4 «Б» сыныбының ұстазы – Нұртайына Шұға Амангелдіқызына жүрекжарды жылы сөзімді айтып, ұстаздық жолындағы еңбегіне баға беріп, Наурыз мейрамымен құттықтап, алғысымды жолдағым келеді. Осы сыныпта Құсайын есімді немерем оқиды.

Біздің Құсайынның ұстазы – білікті маман. 1993-1997 жылдары Б. Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжін бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша арнаулы орта білім, 1998-2004 жылдары С. Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік Университетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша сырттай оқып жоғары білім алған.

Жиырма жылға таяу ұстаздық еңбек жолының 10 жылдайы бастауыш сынып мұғалімі, 10 жылдайы қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі және оқу ісінің

меңгерушісі болып туған ауылы, Лебяжі ауданының Қазантай мектебінде, №№ 2, 17, 26, 37 мектептерінде қызмет атқарған.

Ұстаздың сабағын оқушылар құмарта тыңдап, сабақта қызыға жұмыс істейді. Әр түрлі әдістемелік тәсілдер, жаңа технологиялардың тиімді әдістерін пайдаланады. Балалардың тәрбиесіне қатты көңіл бөледі. Сабақ түсіндіргенде жүзінен шуақ, әр сөзінен жылылық есіп тұрады.

Ұстаздық еткен жылдарында жеткен жетістіктері аз емес көрінеді. Оқушыларын әр түрлі сайыстарға қатыстыру, оқушылар еңбектерін газет беттеріне жариялау сияқты шығармашылыққа баулу, бағыттау жолында аянбай еңбек етеді. Төрт баланың анасы, «ұстаздың ұстазы» Шұға Амангелдіқызы оқушылары мен ата-аналары құрметіне ие болған, «Ұстаз болу – өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау» деген қасиетті сөздерді арнағым келеді.

Кокешева Д.Қ.
зейнеткер ұстаз



Мектеп өмір бастауы

«Мектеп-өмір бастауы» - демеуші, балауса балғындарға сауат аштырып, білім атты көкжиектің сан салалы тармағына жетелей білетін бастауыш мектеп мұғалімдерінің еңбегі телегей теңіз.

Павлодар қаласының М. Әуезов атындағы № 42 жалпы орта мектебінде 2015-2016 оқу жылында мемлекеттік тілде сабақ беретін сыныптар ашылып, дәстүр мен тағылым, ұлттық тәрбие мен ұстанымдарды кең түрде біліммен жалғастырып, бүгінде өзіндік жетістерге жетуде.

Біздің мектептің тағылымды ұстаздары Бахыт Қорабаева, Бахыт Асанова, Гульбану Намазбаева сынды мамандарымызбен мақтанамыз. Бұл ұстаздар ана тілінің қадір-қасиетін және құрмет-тұғырын көрсететін шараларды ұйымдастырып, жас ұрпақтың саналы боп өсуіне жасап жатқан еңбектері ұлан-ғайыр.

Атап айтар болсақ, ұстаздар жас ұрпақты кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру мақсатында республикалық «Айгөлек» балалар журналына жаппай жазылу науқанын ұйымдастырды. Бұл дегеніміз оқушыларды салиқалы тәрбиелеудің жолы. Қазіргі таңда оқушылар бұл журналды асыға күтіп, өз шығармашылықтарын сынып болып оқып отырады.

Сонымен қатар зияткерлік таным мен терең білімді қажет

ететін республикалық қашықтық олимпиадаларына («ПОНИ», «NIO KZ», «BS press») қатысып мектебіміздің атын шығарып келді. Сондай-ақ, 3 «ә» сыныптың жас әншісі Нұрғалиева Радима «Шығыс жұлдыздары» Халықаралық ән фестиваліне қатысып жүлделі үшінші орынға ие болса, осы сыныптың өнерлі жеткіншегі Айсана Аипова «Қолданбалы-сән өнерін күнделікті тұрмыста қолдану» тақырыбы аясында қалалық ғылыми жобалар сайысында екінші орынға қол жеткізді. Өнегелі де таланты, білімді де тәрбиелі ұрпақтың өсуіне ерекше жағдай жасап жатқан еліміздің де, оларға өз алғысын жаудырар жас ұрпақтың да алар белесі әлі алда.

№ 42 ЖОМ қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі
Назгуль АБИЛЬДЕНОВА



Ұстаз еңбегі шәкіртінің жетістігі



Білім беру кеңістігінде тәжірибелі де білімді, балаға алғаш әліппені ұстатып, білім нәрін сусындатқан мұғалімдер жетерлік. Осындай білім саласында болып жатқан өзгерістер мен заман талабына сай жауап беретін, білім тұңғығына жетелейтіндей мұғалім Абдрахманова Алмагүл Магметоллақызына алғысымыз шексіз.

2014 жылдың қыркүйек айында менің балам алғаш мектеп табалдырығын аттады. Қарап отырсам, міне, төрт жыл да зымырап өтіп кет-

кен екен. Осы жылдар аралығында Алмагүл Магметоллақызы ұлым Әлішердің бойына дарытқан білімі мен тәрбиесіне мың да бір алғыс. 1-сыныптан бастап біздің ұстазымыз күн сайын ашық сабақтар мен тәрбие сағаттарын өткізеді. Әрі осындай іс-шараларда баламның әр түрлі қырлары ашылып келеді. Сабақ үстінде баламның білім сапасын байқаймын, ал мерекелік іс-шараларда балаларды өнерін тамашалап келемін. Осыған байланысты әр мерекені асыға күтуде боламын. Осы жолы қандай өнерді балаларымыз паш ететінін, қандай қызықты сәттерді көремін деп ойланым отырамын. Әрине, осы жылдар ішінде баламда тығылып қалған дарындылығын көрсетіп, балам гүлденген гүлдей құлпырып жүреді. Мұғалімге алғыс айтуға шаршамаймын. Еңбегіңіз жана берсін! Сондықтан ұрпағыңыз ұқыпты болып, болашағыңыз жарқын бола берсін!

Тасыбаева Г.
Кенжекөл орта мектебі
4 «ә» сыныбының ата-анасы

Ұстаз – ұлағатты есім

«Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» - деп француз ойшылы Жан Жак Руссо айтпақшы, ұстаздардың еңбегі ерен. Шәкірт санасына білім нәрін сеуіп, ел болашағының өркендерін тәрбиелеп шығару - екінің бірінің қолынан келе де бермейді. Ұстаз болу – жүрек жылуын, мейірім шуағын, адамгершілік ұлылығын баланың бойына дарыту. Ұстаз болу – шәкіртке ата-анасындай болып тәрбие сыйлау. Ұстаз болу – жас ұрпақтың жарқын болашаққа барар жолын айқындап беру. Сондай ұстаздың бірі № 38 мектептің бастауыш сынып мұғалімі Алим-

хан Серикгул. Мұғаліміміз өзінің білімділігімен, адамгершілігімен ата-аналардың құрметіне ие. Әрқашан ізденіс үстінде. Балаларымыз мұғалімі сияқты, жан-жақты деп айтқымыз келеді. Биыл біздің балаларымыз, 4-сыныпты ортаңғы буынға шығарып салып, жаңа оқу жылында 1 сынып қабылдайды. Мұғалімімізге шығармашылық табыс, ізетті шәкірттер келеді деп ойлаймыз.

№ 38 мектептің
4-сынып ата-аналары

Ұстаз ұлы тұлға

«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» дей отыра ұстаз болу үлкен мәртебе. Ең алдымен «ұстаздық саған керек пе?» деп ойланым барып, сол жолды таңдау керексің. Таңдасаң жан – жақты болу керексің. Жалықпай еңбек етіп, оқушыларын өз баласындай көреді. Осы ұстаздардың бірі Павлодар қаласының № 39 мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Асаинова Әйгерім Орынбасарқызы.

Біздің Әйгерім ұстаз 2008 жылдан бастап, 9 жыл қатарынан тыңбай еңбек етіп, көптеген жетістіктеріне қол жеткізді. Әйгерім Орынбасарқызы мен оның оқушылары әр түрлі деңгейдегі олимпиадаларға, сайыстарға, оқуларға қатысып, жүлделі орындарға ие болады. Қалалық тамыз мәжілісінде «үздік баяндама» дайындағаны үшін мадақтамамен марапатталды. Оқушылармен бірге ғылыми жоба бойынша жұмыс жасайды.

Әйгерім Орынбасарқызы «Балалардың сөйлеу қабілеттерін дамыту жолдары» тақырыбында оқушылармен жұмыс жасап үлкен нәтижеге жетті. Қазіргі кезде балаларымыздың жұмыстары, атап айтқанда шығармалары, шығарған өлеңдері, ертегілері газет бетіне әлі күнге дейін ай сайын шығып жүр. Балаларымыздың өзіне деген сенімділігі туып, қызығушылықпен



өз шығармашылықтарын дамытып келеді.

Әйгерім Орынбасарқызы, сіз біздің балаларды үлкен жетістікке жеткіздіңіз, міне балаларымыз 4 сыныпты аяқтайын деп қалды. Сізге деген алғысымыз шексіз.

Павлодар қаласы,
№ 39 мектебі
4 «А» сынып ата-анасы
Г. Абдраисова



№№5-6
(264-265)

от 9 апреля
2018 года

Шадыман шаттығын жетелеп Көктем де келді. Алла нәсіп етіп, тағы бір Амал айымен, тағы бір Көктеммен, алыс-жақындағы ағайынмен қауышуға жазды. Жылда асыға күтетін Ұлыстың Ұлы күні – жайма шуақ Наурыз биыл да табалдырығымызды аттады. Қар еріп, тіршілік атаулыға жылулық әкелетін молшылық мейрамын 19-наурыз күні Железин № 3 жалпы орта білім беру мектебі де кең ауқымда атап өтті. Таң атқаннан мектеп қызметкерлері мен оқушылары ұлттық киімдерін киіп, бір-бірлеріне жақсы тілектер мен құттықтаулар айтып, мез-мейрам болысты. Мерекелік шара «Қош келдің, мейірімді Өз Наурыз» тақырыбымен екі бөліммен өтті. Алғашында мектебіміздің бүлдіршіндері мен бастауыш сынып оқушыларымен ұйымдасқан мерекелік сазды әдеби – музыкалық кешімізді «Адай» күйімен 3 «а» сыныптың ер балалары ұлттық нақышта би билеп, ажарын келтірді. Салт-дәстүр көрсетуден мектеп ұжымы да сырт қалмады, оқушыларға енші беру, енші алысу — ертеден келе жатқан бір жолы «Енші беру» дәстүрін көрсетіп, ата-аналар мен оқушылардың ризашылығына бөленді. Сондай-ақ мерекеледе қазақтың ұлттық ойындарының терең тәрбиелік, әскери-спорттық, салт-дәстүрлік, өзара қарым-қатынастық және



көркем-эстетикалық сипатын ескере отырып, «Бес тас» асық ойыны, «Арқан тартыс», «Қол күрес» және «Ләнгі тебу» ұлттық ойындары, балалардың қызығушылығын одан әрі артта түсті. Мерекелік жиынға жиналған қонақтар мейрам жөнінде ғана емес, қазақтың салт-дәстүрлерін, ұлттық тағамдары жөнінде білуімен шектелмей, әр ауылдарға жазылған дастарханнан дәм татты. Наурыз дастархананда көпшілік наурыз-көже, қазы-қарта, құрт, сүзбе, ірімшік және тағы басқа ұлттық тағамдардан ауыз тиді.



Қасиетті бабаларымыздың ақ батасы мен өнегелі дәстүріне куәгер болған ата-аналарымыз бен қонақтарымызға Ұлыстың Ұлы күні

құтты болсын! - деген ізгі тілекпен мерекелік шара өз мәресіне жетті.

Железин № 3 ЖОББМ

Шуақты көктемнің мерекесі Наурыз құтты болсын!

Күн мен түннің, ыстық пен суықтың, қыс пен жаздың, қараңғы мен жарықтың теңелетін, жер арқасы кеңіп, күллі тіршілік әлемі қайта түлейтін мереке. Ол - өткенді саралап, болашағымызды болжайтын ерекше кезең. Отанымызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, ал әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілейміз. Еліміз өркен жайып, Наурыз баршамамызға ынтымақ пен сәттілік алып келсін!

Ұлтымыздың мерейін өсіріп, бар болмысымызды айшықтайтын қасиетті – Наурыз мерекесі елімізге, әрбір отбасына бірлік пен қуаныш, құт-береке, бақыт пен молшылық әкелсін!

Май аудандық
Оқушылар үйінің ұжымы

Бастауыш сынып оқушылары мерекені қарсы алды



ты - сәйгүлік тұлпар» болып ортаға «Тұлпарым» әні мен оқушы жігітіміздің ырғақ биі де көрермендердің көңілінен шықты. Сыныбымыздың мың бұралған бишілер – қыздарымыздың «Қамажай» биі мереке қуанышын арта түсті. «Ұлыс құтты болсын!», «Ақ мол болсын!», «Қайда барсаң - жол болсын!» сияқты

Павлодар қаласының № 39 ЖОББМ-нің 1 «А» сынып оқушылары алғаш рет сыныптарымен наурыз мерекесін тойлады. Мұғалімдері Айсәуле Байменовамен бірлесе, ұлы жиынның салт дәстүрлерін атап өтетіндей, мерекелік жоспар құрылды. «Ән көңілдің ажары» дегендей, оқушылардың орындаған «Наурыз-көктем» әні жиналған ата-аналарды толғандырып, қуанып жіберді. Тарихымызда бекім алған «Ер қана-

тілектер айтылып, қуаныш айғағына шашу шашылды. Сыныптың наурыз мерекесіне жиналған қауым бірін-бірі құттықтап, қазақи қуаныш дастарханымен жалғасын тапты. Бүгінгі мектеп сыныбының бірінші наурыз мерекесі – жас ұрпақтың ата салтымыздың асыл мұрасын сақтауға бетбұрыс деп білеміз.

Ғайша ИМАМБАЕВА,
№ 39 ЖОББМ
1 «А» сыныбының ата-анасы

Атадан жалғасқан дәстүр...

Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» жобасының ұлттық мәдени мұра бағыты бойынша және ауданымыздың 90-жылдығына орай, Наурыз мейрамына қарсы Мичурин мектебінде ауылдың шеберлері оқушыларға өз өнерлерін паш етті. Ауылымыздың құрметті азаматтары, бес саусағынан өнерлері тамған, Мичурин ауылдық аймағының жергілікті қоғам төрағасы Қ. Рақымжанов, ауылдың әйелдер лигасының белсенді мүшелері Апи Шәмшия, Қани Күрші апаларымыз өнерлерін көрсетіп, балаларға мәдени мұраның тылсымдарын үйретуге тырысты. Олар оқушыларға ағаштан ою ойып, кесе, астау, ожау іспетті ыдыс-аяқтарын жасау, тоқыма-тігін өнерін, зерделеу, жіп иіру, кесте тігу шеберліктерін жайды.

Қызығушылықтары асқан балалар, тәжірибе жүзінде қолдарына алғаш рет ағаш, ине, ши, кестені алып, апалармен атамның жолын қуамыз деген ниеттерін білдірді.

Мичурин ЖОББМ,
директордың тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасары,
Айнагуль МАКАШЕВА





№№5-6
(264-265)

от 9 апреля
2018 года

Наурыз мейрамы тойланды

Барша қазақ елі жаппай наурыз мерекесін тойлап жатқан кез. Біздің Шақат орта жалпы білім беру мектебінде де наурыз мерекесі тойланып өтті. Мектеп оқушылары мен ұстаздары, қызметкерлері біріге отырып кереметтей наурыз мерекесінің келуін «Ұлыстың ұлы күні» бар ықыластарымен тойлады. Мектеп ауласында ұлттық ойындар мен бауырсақ пісіріліп, самаурынға шай қайнатылып келген қонақтар мен барлық оқушыларға таратылды. Мектеп сахнасында мың бұралған бименен, күмбірлеген күй ойнап, мектеп мұғалімдерінің орындауындағы әндер мен билер мерекенің сәнін келтіріп жатты. Дәстүр бойынша Қыдыр атаны қарсы алып батасын алдық. Биылғы наурызда бастауыш сынып оқушылары өздерінің сынып жетекшілерімен «Көктемді қарсы алу» дәстүрін көрсетіп, жиылған қауымды таң қалдырды. Жалпы Наурыз мерекесін жылдан жылға ерекше өткізуге, ұмытылған дәстүрлерімізді жаңғыртып оқушыларымыз бен келген қонақтарға танытуға тырысып жатырмыз.

Шақат мектепішілік
баспасөз орталығы,
Павлодар ауданы



Достық пен татулық мерекесі

16 наурыз күні Мичурин жалпы орта білім беру мектебінде «Ұлыстың Ұлы күні - достық пен татулық мерекесі» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Бұл іс-шараға 5-7 сынып оқушылары ат салысты. Той қазақ халқының ежелгі дәстүрі бойынша наурызды қарсы алу рәсімімен басталды. Тойға Наурыз аруы батасын беріп, шашу шашылды. Бұл күні сахна төрінде әр ұлт өкілдері өз салт-дәстүрлерін, әсем әндерін, мың бұралған билерін, ұлттық тағамдарымен таныстырды. Балалар өз өнерлерін аямады: биледі, ән айтты, сахналық көріністер көрсетті, әр ұлттың бүгінге дейін келе жатқан салт-дәстүрлерін шамалары келгенше тамашалады. Бағдарлама барысында ұлттық ойындар мен әдемі ұлттық киімдер көрсетілді. Сынып оқушылары қабырға газеттерін жасап сахнаны безендірді. Осылайша мектеп оқушылары келген қонақтарға мерекелік көңіл-күй сыйлады. Жас өртістердің шығармашылық қабілеттерін бағалап отырған әділ-қазылар жұмыс істеді.

Мектеп әкімшілігі мен мұғалімдер қауімі оқушыларға осындай үлкен іс-шараға белсенді қатысқан үшін алғыс білдірді. Ұлыстың Ұлы

күні достық пен татулық насихатталып, ақ тілектер айтылды. Балалар тек мейрам туралы ғана айтып қойған жоқ, барша азаматқа жақсылық пен көктей көгеріп-өсе беруді тіледі. Егеменді елімізде бір шаңырақ астында өмір сүретін халықтардың бірлігі мен татулығы нығайып, еліміздің көк байрағы биіктерден көріне берсін!

Мичурин ЖОББМ,
сынып жетекшілер
Селиканова К.Р.,
Мамытова А.Ж.



Павлодар тұрғындары Наурыз мерекесін атап өтті

Наурыз-мал төлдейтін, қар еритін, құстардың қайта қайтып келетін, күн мен түннің теңелетін мезгілі. Ұлыстың ұлы күні дастарқандар молынан жайылып, киіз үйлер даланың көркін аша түседі. Осы керемет мерекеледе адамдар бір-біріне деген ренішін су сепкендей басады.

